

## Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округі Ақсары ауылының көшелерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 9 наурыздағы № 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 наурызда № 7453-15 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ақсары ауылы халқының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 26 тамызындағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің Ақсары ауылының көшелері қайта аталсын:

- Тельман көшесін Абай көшесіне;
- Карл Либкнехт көшесін Керей хан көшесіне;
- Роза Люксембург көшесін Жамбыл көшесіне;
- Ленин көшесін Ыбырай Алтынсарин көшесіне.

2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Г. Карбаев*